

## Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада студенттік жатақхананың ақпараттық жүйесін дамыту қарастырылған. Осы жүйеде АЭЖБУ жоғары оқу орындарында білім алушыларға жатақханалар ұсыну жүйесі талқыланған, әрбір студент өзінің АЭЖБУ студенттік қалашығынан студенттік өмір туралы ақпарат алуға және студенттік жатақханаға өтініш тастау үшін құрылды. Жүйе әр қалада, әр елдің әр жерінен басқарыла алады.

Бұл жүйенің модульдік принципі әрбір студент жатақхананың алдына кезекке тұрмай, үйде отырып өтініш бере алады немесе талапкер жатақханаға тұрғысы келетін жағдайда осы жүйе арқылы өтініш тастап ақпарат ала алады.

Жүйені дамытубарысында келесі құралдар пайдаланылды: PHP программалау тілі, MySQL, Open Server.

Техникалық экономикалық негіздеу бөлігінде жобаның экономикалық тиімділігі есептелді. Сондай-ақ өміртіршілік қауіпсіздігі мәселелері қарастырылды және қажетті есептеулер жүргізілді.